

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне түсушілердің жазбаша жұмыстарын тексеруді ұйымдастыру ережесі және шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

1. Түсушілердің ғылыми негіздемені орындауының дербестігін бақылауды жүзеге асыру мақсатында мәтінді көшіріп алу дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін «Антиплагиат» <https://strikeplagiarism.com> бағдарламасы қолданылады. Плагиат деп дереккөздерге сілтемелермен растаусыз немесе көшіріп алудың көлемі мен сипаты жұмысты орындаудың дербестігіне күмән келтіретін сілтемелер болмаған кезде кез келген нысанда жұмысты көшіру, парафразалау және қорытындылау түсініледі.
2. Плагиат мынадай көрсеткіштер кезінде рефератты немесе ғылыми негіздемені қорғауға жіберуден бас тарту үшін негіз болып табылады:
Докторантура: 0-50% - рұқсат етілмейді
3. Оқуға түсушілер плагиат анықталған жазбаша жұмысты қайта тапсыра алмайды.

Білім деңгейі	Түпнұсқалық деңгейі	Плагиат үшін азайтылатын ұпай саны
Докторантура	90–100 %	0 балл
	80–89 %	1–4 балл
	70–79 %	5–9 балл
	56–69 %	10–14 балл
	41–55 %	15–20 балл
	0–50 %	рұқсат етілмейді

Қорғауға жіберу үшін мәтіннің түпнұсқалығына қойылатын ең төменгі талаптарды бағалау критерийлері:

Білім беру деңгейі: докторантура

Мақала, ғылыми-зерттеу жұмысының (жоба) негіздемесі, эссе, докторлық диссертация (PhD):

- I. Жұмыста 15%-дан артық көшіру болмауы тиіс (КП₁)
- II. Жұмыстың бірегейлік коэффициенті кемінде 80% құрауы керек (КУ);
- III. Жұмыста дәйексөз коэффициенті 30%-дан артық болмауы тиіс (КЦ).

- Егер барлық дәйексөздер дұрыс жасалған болса, сілтемелер бар;
- Егер барлық дәйексөздер әдебиеттер тізімінде дұрыс көрсетілсе;
- Егер жұмыста алфавитті манипуляциялау, әріптерді ауыстыру, жасырын мәтін және т. б. болмаса.

Плагиятқа тексеруді ескере отырып, диссертация негіздемесін қорғауды бағалау критерийлері:

Білім беру деңгейі: докторантура

Диссертацияның негіздемесін қорғаудағы ең көп балл - StrikePlagiarism БК (бірегейлік коэффициенті) 90-100% көрсеткіштері кезінде 40 балл.

0-ден 10 баллға дейін – таңдалған тақырыптың ғылыми негізделмеген өзектілігі жағдайында немесе ол толық болмаған жағдайда, сондай-ақ мәтінді баяндау сауаттылығының төмен деңгейі, мәтінді (құжатты) техникалық және визуалды пішімдеудің төмен деңгейі, титул парағының, мазмұны, зерттеудің өзектілігі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеудің жаңалығы, пәні мен объектісі, зерттеу әдістері, зерттелу дәрежесі, дереккөздер тізімі болмаған жағдайда қойылады. Негіздеменің жеткіліксіз көлемі үшін ұпайлар да төмендетілуі мүмкін.

11-ден 20 баллға дейін – зерттеудің өзектілігі болған жағдайда қойылады, бірақ негіздеме ғылыми аппараттың толық мазмұнын көрсетпейді (зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеудің жаңалығы, пәні мен объектісі, зерттеу әдісі, зерттелу дәрежесі, дереккөздер тізімі). Сонымен қатар, мәтіннің сауаттылығы, оның техникалық және визуалды дизайны ескеріледі. Негіздеменің жеткіліксіз көлемі үшін ұпайлар да төмендетілуі мүмкін.

21-ден 30 баллға дейін – тақырыбы өнертануда өзекті болып табылатын және дербес зерттеу бағытын көрсететін, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктерін ескеретін, сондай-ақ зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеудің жаңалығы, пәні мен объектісі, зерттеу әдістері, зерттелу дәрежесі, дереккөздер тізімі бар болған жағдайда қойылады. Сонымен қатар, мәтіннің сауаттылығы, оның техникалық және визуалды дизайны ескеріледі. Егер оқуға түсуші жұмысты қажетті көлемде орындаса, бірақ бұл ретте зерттеу жөніндегі дереккөздерді толық көрсетпесе не жоғарыда көрсетілген критерийлер болмаса (олардың болмау санына байланысты). Негіздеменің жеткіліксіз көлемі үшін ұпайлар да төмендетілуі мүмкін.

31-ден 40 баллға дейін – тақырыбы өнертануда өзекті болып табылатын және дербес зерттеу бағытын көрсететін, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктерін ескеретін, сондай-ақ зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеудің жаңалығы, зерттеу пәні мен объектісі, зерттеу әдістері, зерттелу дәрежесі, дереккөздер тізімі болған жағдайда қойылады. Сонымен қатар, мәтіннің сауаттылығы, оның техникалық және визуалды дизайны ескеріледі.

Шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері
(билетпен ауызша емтихан):

Білім беру деңгейі: докторантура

Шығармашылық емтихан үшін ең жоғары балл - 25 балл.

0-ден 5 баллға дейін-егер оқуға түсуші қойылған сұраққа жауап бермесе, мәселенің мәнін аша алмаса, мамандық бойынша нақты немесе сабақтас мәселелерде қосымша құзыреттерді білуін көрсетпесе қойылады;

6-дан 10 баллға дейін-егер оқуға түсуші қойылған сұраққа толық жауап бермесе және сұрақтың мәніне әсер ететін қателіктер жіберсе, нақты дәлел келтірмесе қойылады;

11-ден 15 баллға дейін-егер оқуға түсуші қойылған сұраққа толық емес жауап ұсынса, өз жауабында сұрақтың мәнін жеткілікті ашпаса, нақты дәлелдеме ұсынбаса қойылады;

16-дан 20 баллға дейін-егер оқуға түсуші қойылған сұраққа толық жауап берсе, сұрақтың мәнін қателер немесе дәлсіздіктердің болуымен неғұрлым толық ашып, нақты немесе сабақтас мәселелерде қосымша құзыреттерді білетіндігін көрсеткен жағдайда қойылады;

21-ден 25 баллға дейін-егер оқуға түсуші қойылған сұраққа толық жауап беріп, сұрақтың мәнін барынша толық және қатесіз ашып, нақты сұрақта қосымша құзыреттерді білетіндігін көрсеткен жағдайда қойылады. Жауаптың мәніне әсер етпейтін, бірақ жауаптың нақты емес немесе жеткіліксіз негізделген сипаттамаларын анықтайтын дәлсіздіктер үшін ұпайларды төмендетуге болады.

Докторантура деңгейіне арналған эссені бағалау критерийлері

№	Критерийлер	Нақтылау	Балл
1.	Тақырыпты түсіну және оның жұмыс мазмұнына сәйкестігі	тақырыпты түсінудің жеткіліктілігі; негізгі проблеманы сауатты қою; басты нәрсені қосымша деректен ажырата білу; жұмыс мазмұнының мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі; негізгі тақырыпқа байланысты мәселелерді бөліп көрсету және оларды ашудың жеткіліктілігі	7
2.	Тақырып бойынша теориялық және нақты материалды меңгеру	тұжырымдамалық аппаратты меңгеру(тақырыпқа қатысты жалпы ұғымдарды, терминдерді, жіктеулерді пайдалану); жүйелік тәсілді қолдану: мәселенің негізгі аспектілері мен деңгейлерін бөліп көрсету, олардың өзара байланыстарын түсіну және теориялық деңгейде дәлелдеу; ауқымды өзара байланысты, оның ішінде пәнаралық сипатты анықтау	7
3.	Авторлық мәтіннің қисындылығы	тұжырымдамалардың анықтығы мен айқындылығы; пайымдаудың негізділігі, дәйектілігі; дәлелдеуде олқылықтардың болмауы; қолданылатын ұғымдар арасындағы құрылымдық қатынастарға негізделген тұжырымдарды жүзеге асыру: жалпылау, ұқсастығын анықтау, талдау, синтез және т. б.	7
4.	Жалпы гуманитарлық жан-жақты терең білім деңгейі	әлемдік мәдениет тарихы саласындағы білім (көркем әдебиеттен, кескіндемеден, музыкадан және т. б. бейнелерді, рәміздерді, метафораларды пайдалану); сұрақтарға жауап беруге шығармашылық көзқарас; ойлаудың өзіндік ерекшелігі	7
5.	Академиялық мәтінді жазу дағдысы, баяндаудың жүйелілігі, байланыстылығы мен дәйектілігі, жазу мәдениеті	мәтіннің үйлесімділігі, жүйелілігі, дәйектілігі; мәтіннің нақты құрылымдалуы; стиль бірлігі, тілдің дәлдігі мен экспрессивтілігі	7
Барлығы			35

* Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау. Эссе көлемі – 500 сөзден кем болмауы керек. Шрифт Times New Roman, кегль – 14. Мәтін интервалы – 1, жиектері: жоғарғы және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1 см сақтап жазылуы керек. Абзац шегінісі – 1 см.